

Маңғыстау облысының спортшыларына ай сайын ақшалай үлес төлеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 қарашада № 290 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 09 желтоқсанда № 2546 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қазанда № 229 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 06.10.2017 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Маңғыстау облысының спортшыларын әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ай сайын ақшалай үлес (бұдан әрі – Үлес):

осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген мөлшеріне сәйкес, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Маңғыстау облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына;

осы қаулыға 2-қосымшада көрсетілген мөлшеріне сәйкес, спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын Маңғыстау облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне төленсін.

2. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес, ай сайын ақшалай үлес алуға белгіленетін адамдардың тізбесін анықтайтын жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылсын.

3. Үлесті алуға кандидаттардың тізімдік құрамы "Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша жылына 2 рет Жұмыс тобының шешімімен анықталады.

4. Үлесті белгілеу туралы Жұмыс тобының шешімі отырыста ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

Республикалық және халықаралық жарыстарда тұрақты жоғары спорттық нәтижелері болмаған жағдайда, "Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша Жұмыс тобының шешімімен спортшыларға Үлесті төлеу мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

5. "Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. "Маңғыстау облысының спортшыларына және спорттың ойын түрлері бойынша командалар құрамында өнер көрсететін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына ай сайын ақшалай қаржыны белгілеу туралы" 2012 жылғы 8 мамырдағы № 85 Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2131 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 маусымдағы "Маңғыстау" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ғ. Нұрғазиеваға жүктелсін.

8. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.Айдарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

С.И. Пахомов

2014 жыл 25 қараша

"Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы"

мемлекеттік мекемесі басшысының

міндетін атқарушы

И.Ы. Құрман

2014 жыл 25 қараша

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2014 жылғы 25 қараша № 290 қаулысына
1-қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Маңғыстау облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына төленетін ай сайын ақшалай үлестің мөлшері

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.10.2015 № 316 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

лауазым атауы	адам саны	төленетін ай сайын ақшалай үлестің сомасы, АЕК
"Маңғыстау бокс клубы" ЖШС		
спортшы	26	100
жаттықтырушы	6	100
жиыны:	32	
"Маңғыстау бокс клубы" ЖШС		
спортшы	10	100
жаттықтырушы	3	100
жиыны:	13	
"Маңғыстау бокс клубы" ЖШС		
спортшы	23	100
жиыны:	23	

Ескерту:

МКҚК – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2014 жылғы 25 қараша № 290 қаулысына
2-қосымша

Спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын Маңғыстау облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне төленетін ай сайын ақшалай үлестің мөлшері

Ескерту. 2 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.10.2015 № 316 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

лауазым атауы	адам саны	төленетін ай сайын ақшалай үлестің сомасы, АЕК
"Каспий" кәсіптік баскетбол клубы" ЖШС		
спортшы	10	70
жаттықтырушы	2	70
жетекші	1	70
жиыны:	13	
"Каспий" кәсіптік волейбол клубы" ЖШС		

спортшы	6	70
жаттықтырушы	2	70
жетекші	1	70
жиыны:	9	

Ескерту:

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

АЕК - айлық есептік көрсеткіш

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2014 жылғы 25 қараша № 290 қаулысына
3-қосымша

Ай сайын ақпалай үлес алуға белгіленетін адамдардың тізбесін анықтайтын жұмыс тобының құрамы

Ескерту. 3 - қосымшаға өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.10.2015 № 316(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.07.2016 № 230 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен;

Нургазиева Б а н у Ғаниқызы	Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі
Елизарова Рушания Фаритовна	"Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы, жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары
Жұмыс тобының мүшелері:	
Бейсенбаев Мұрат Жаналиұлы	Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шоқыр Бөлтекұлы атындағы Маңғыстау облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының басшысы
Бисенқұлы Қабыл Темірханұлы	Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Маңғыстау облыстық қазақ күресі және дзюдо бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының басшысы
Джумаев А й н д и Зайндиевич	Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жас канат" спорт кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының басшысы
Мухалев Александр Евгеньевич	ардагер-спортшы
Науризов Дабыл Тапаевич	ардагер-спортшы

